



«АҚЫЛДЫ» ҚАЛА ТҮРҒЫНЫ БОЛДЫҚ ПА?

4-БЕТ | ҚАЛА МЕН САЛА



ҚАЖЫМҰҚАН ҚАЙ ЖЫЛЫ ТУДЫ?

6-БЕТ | РУХАНИЯТ



Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ, ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:

ҚОЛҒА АЛҒАН ІСІМІЗДІҢ ОҢАЙҒА СОҚПАЙТЫНЫ БЕЛГІЛІ. БІРАҚ АЛҒАН БЕТІМІЗДЕН ҚАЙТУҒА НЕМЕСЕ ҚАРҚЫНЫМЫЗДЫ БАЯУЛАТУҒА МҮЛДЕ БОЛМАЙДЫ. ЕЛ МҮДДЕСІ БӘРИНЕН ҚЫМБАТ ЕКЕНІН, АЛ АЗАМАТТАРДЫҢ МҮДДЕСІ БӘРИНІҢ БЕЛ ОРТАСЫНДА ТҰРАТЫНЫН ӘРДАЙЫМ ЕСТЕ САҚТАУҒА ТИІСПІЗ. СОНДЫҚТАН РЕФОРМАЛАРЫМЫЗДЫҢ БАРЛЫҒЫ, ЕҢ АЛДЫМЕН, МЕМЛЕКЕТТІЛІКТІ НЫҒАЙТУҒА, ХАЛЫҚТЫҢ ӘЛ-АУҚАТЫН АРТТЫРУҒА БАҒЫТТАЛАДЫ.

№87
(4520)
Сейсенбі
25 шілде
2023 жыл



ASTANA



РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

А Қ Ш А М Ы

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



Сұлтан СЕЙІТ

КӨШІРІМЕН КӨРКЕЙГЕН ҚАЛА

Қала ішіндегі көпір, біріншіден, көлік қозғалысы үшін де, жаяу жүргіншілер үшін де өте қолайлы әрі тиімді нысан. Сондай-ақ көпірлер шаһардың сәулетіне де сән береді. Жылдан жылға тұрғындары мен көлігі көбейген қалада осы көпірлер көптеген түйткілді мәселенің күрмеуін шешуге де септігін тигізіп отыр. Енді осындай көпірдің бірі елордадағы Кенесары көшесі түйінделетін Есіл өзені тұсынан ашылатын болады.



2023 жылдың бірінші жартыжылдығында Астана қаласының бюджетіне салық түсімдері 1 трлн 96 млрд теңгені құрады. Бұл жөнінде Астана қаласы бойынша мемлекеттік кірістер департаментінің басшысы Шыңғыс Әнуарбеков мәлім етті.

Бұл көрсеткіш жоспардың 99,1 пайызға орындалғанын білдіреді. Өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда бюджетке түсімдердің 180,5 млрд теңгеге өсуі байқалды. Астана қаласынан республикалық бюджетке түсімдер 710,3 млрд теңгені құраса, ал жергілікті бюджетке 385,6 млрд теңге түсті. Бұл жоспардың 114,9 пайызын құрайды.



Бүгінгі таңда қазақстандық паспорт алу үшін 8 АЕК мөлшерінде баж төленеді.

Қолданыстағы 36 парақ төлқұжат құны – қазір 27 600 теңге. Бірақ 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап паспорттағы бет санына байланысты баж құны өзгереді. Атап айтқанда, 24 парақ – 4 АЕК, яғни 13 800 теңге (16 жасқа дейінгі балалар үшін); ал 48 парақты төлқұжат – 12 АЕК, яғни 41 400 теңге (ересектерге) болады.

ЕКПЕДЕН БАС ТАРТУШЫЛАР НЕГЕ КӨБЕЙДІ?

Елордада инфекциялық, паразиттік, карантиндік және аса қауіпті инфекциялар бойынша эпидемиологиялық жағдай тұрақты деп бағаланады. Бұл жөнінде Астана қаласының бас мемлекеттік санитарлық дәрігері Сарқыт Бейсенова мәлім етті.

Осы жылдың алғашқы 6 айының қорытындысы бойынша елордадағы эпидемиологиялық жағдай және қабылданып жатқан алдын алу шаралары туралы брифингте бүгінгі таңда елордада тырысқақ, іш сүзегі, ботулизм, қызамық, дифтерия, листериоз, сібір жарасы, қышыма және басқа сияқты

жұқпалы аурулар тіркелмегені айтылды. Алайда жүргізіліп жатқан жұмыстарға қарамастан, бірқатар инфекция бойынша атап айтқанда, вирустық А гепатиті және менингококк инфекциясы б есеге, қызылша 17 жағдайға өскен. Сондай-ақ тиісті вакцина алуға қарсылық танытушылар да бар екені баяндалды.

ҚОҒАМДЫҚ КӨЛІКТЕР ҚОЗҒАЛЫСЫ ӨЗГЕРЕДІ

Астанада 12 қоғамдық көліктің қозғалыс сызбасы уақытша өзгерді, деп хабарланды «City Transportation Systems» компаниясы хабарламасында.

Бүгінгі таңда қалада жол жөндеу жұмыстары қарқынды жүргізіліп жатыр. Осыған байланысты қоғамдық көліктің қозғалысына да өзгерістер енгізілуде. Атап айтқанда, жол жөндеу жұмыстары аяқталғанға дейін №5, 5А, 60, 9, 11, 13, 15, 15А, 28, 44, 48, 64 бағдарларының қозғалыс сызбасы уақытша өзгереді. «City Transportation Systems» компаниясы мен қалалық Полиция басқар-

масы жол жөндеу жұмыстарына байланысты қала тұрғындарына өз сапарларын алдын ала жоспарлау қажет екенін ескертеді.

Өзгерген қозғалыс сызбасын «City Transportation Systems» компаниясының сайтынан немесе Астана қаласы әкімдігінің сайтынан қарауға болады.



«ASTANA AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛУ ЖАЛҒАСЫП ЖАТЫР



ВАЛЮТА БАҒАМДАРЫ € EUR/KZT 497.8 \$ USD/KZT 443.99 ₸ RUB/KZT 4.89 ¥ CNY/KZT 61.88

@NurSultanNewsBot | t.me/elordainfo

www.astana-akshamy.kz



СЕРІКТЕСТІК КЕЛЕШЕГІН ТАЛҚЫЛАДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Өзбекстан Президенті Шавкат Мирзиёевпен телефон арқылы сөйлесті. Президент Шавкат Мирзиёевті туған күнімен құттықтап, оған бақ-береке және жауапты мемлекеттік қызметіне табыс тіледі.

Мемлекет басшысы Өзбекстан Президентінің екі ел арасындағы ғасырлар бойы жалғасып келе жатқан достық, тату көршілік және көпжақты ынтымақтастықты нығайтуға

елеулі үлес қосқанын атап өтті. Әңгімелесу барысында Қазақстан мен Өзбекстанның стратегиялық серіктестігі мен одақтастығын одан әрі нығайту перспективалары

талқыланды. Сонымен қатар тараптар халықаралық және өңірлік күн тәртібіндегі өзекті мәселелер жөнінде пікір алмасып, алдағы кездесулер кестесін қарастырды.

ПРЕЗИДЕНТКЕ ЕСЕП БЕРДІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің төрағасы Асхат Жұмағалиды қабылдады. Президентке елімізде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша қабылданып жатқан шаралар туралы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің есебі берілді. Мемлекет басшысына ведомствоның жұмысында сыбайлас жемқорлықтың алғышарттарын жоюға баса назар аударылғаны баяндалды.

Асхат Жұмағалидың айтуынша, сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне сырттан талдау жүргізу кезінде жерді бөлу және Алматының қала құрылысын дамыту ісін жоспарлау барысында жиі қайталанатын заң бұзушылықтарға жол берілгені анықталды.

Сонымен қатар кездесуде Мемлекет басшысына білім беру саласындағы бюджеттік өтінімдерді әзірлеу тетіктерінің жетілдірілмегеніне, қызметкерлерді бір орталықтан есепке алудың болмауына және қаржы жымқыруға әкеп соқтырған бухгалтерлік жүйелердің қазынашылықтағы деректер базасымен біріктірілуіне байланысты тәуекелдер анықталғаны жөнінде ақпарат берілді.

Президент бұл саладағы сыбайлас жемқорлық фактілерінің алдын алу маңызды екенін және

процестерді цифрландыру қажеттігін ерекше атап өтті.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа биылғы 6 айда 130 нысанға талдау және мониторинг жүргізілгені, жемқорлықты жоюға қатысты 1000-нан астам ұсыныс енгізілгені туралы мәлімет берілді.

Кәсіпкерлікті дамытуға кедергі келтіретін әкімшілік тосқауылдарды жою үшін «Бизнеске жол» жобасын жүзеге асыру ісі жалғасады. Бұл бастама шамамен 860 миллиард теңге көлемінде мүлдіктік активтер мен ақшалай қаражат қайтарылды.

Кездесу соңында Қасым-Жомарт Тоқаев сыбайлас жемқорлыққа қарсы жүйелі жұмыстарды жалғастыруды, әсіресе әлеуметтік маңызы бар салаларға баса мән беруді тапсырды. Сондай-ақ алдын алу шараларының аса маңызды екенін айтты.

ды өтеу және активтерді қайтару шаралары туралы баяндады. Жыл басынан бері елімізде 1000-ға жуық сыбайлас жемқорлыққа қатысты қылмыс тіркелді, 700-ден астам адам әшкереленді, оның 98-і түрлі деңгейдегі басшылар.

Сотқа дейінгі аяқталған тергеу амалдарының нәтижесі бойынша 232,6 миллиард теңге өтелді. Жалпы, 1,5 жылда бюджетке және квазимемлекеттік сектор субъектілеріне шамамен 860 миллиард теңге көлемінде мүлдіктік активтер мен ақшалай қаражат қайтарылды.

Кездесу соңында Қасым-Жомарт Тоқаев сыбайлас жемқорлыққа қарсы жүйелі жұмыстарды жалғастыруды, әсіресе әлеуметтік маңызы бар салаларға баса мән беруді тапсырды. Сондай-ақ алдын алу шараларының аса маңызды екенін айтты.



ЕЛОРДАДА ТАҒЫ БІР КӨПІР САЛЫНАДЫ

Кенесары көшесінде Есіл өзені арқылы өтетін көпірді (Қазақ гуманитарлық заң университетінің ауданы) жобалау жұмысы жүргізіліп жатыр. Бұл көпірдің құрылысы келесі жылы басталады. Бұл туралы қала әкімі Жеңіс Қасымбек мәлім етті.

Премьер-министрдің бірінші орынбасары Роман Скляр мен Астана әкімі Жеңіс Қасымбек елордадағы жол жұмысы құрылысының барысымен және жол-көлік желісін дамытудың перспективалық жоспарымен танысты.

Астанада бірқатар көпірлерді реконструкциялау және салу жұмыстары жүргізіліп жатыр. Мысалы, Алаш-Бөгенбай батыр тасжолы бойындағы жол өтпесін реконструкциялау, Пушкин көшесі бойындағы жол өтпесін жөндеу («Можайский» көпірі), сондай-ақ Тілендиев даңғылы – Ш.Бейсекова көшесінің қиылысында көлік айрығын салу жұмыстары жүргізіліп жатыр. Тәуелсіздік даңғылындағы көпірдің құрылысы биыл аяқталады. Бұл көпір жолдардағы кептелісті едәуір жеңілдетуге мүмкіндік береді.

Сондай-ақ сол жағалауды Тәуелсіздік даңғылымен, жаңа теміржол вокзалымен, Қошқарбаев даңғылымен, Нәжімеденов көшесімен, Әзірет Сұлтан мешіті ауданымен, Байтұрсын, Қордай, Айнакөл көшелерімен, Момышұлы даңғылымен және т.б. қосымша байланысты қамтамасыз етеді.

Жеңіс Қасымбек биыл елордада 70-тен астам көше салынып, жөнделетінін айтты. «Бұл Керей-Жәнібек хандар көшесі Қабанбай батыр даңғылынан Сауран көшесіне дейін, Мәңгілік ел даңғылы Салтанатты қақпадан Хусейн бен Талал көшесіне дейін, Ғұмар Қараш, Қордай, Бурабай, Белжайлау, Кенесары көшелері Ғабдуллин көшесінен Республика даңғылына дейін, Ұәлиханов көшесінің Кравцов көшесінен

Бөгенбай батыр даңғылына дейін, Тәшенев көшесінің Республика даңғылынан Аман көшесіне дейін, Иманбаев көшесі Иманов көшесінен Кенесары көшесіне дейін, әл-Фараби даңғылы Алаш көшесінен Пушкин көшесіне дейін, Жеңіс даңғылы Бөгенбай батыр даңғылынан Кенесары көшесіне дейін, Еңбекшілер көшесінің құрылысы Ұлы дала даңғылынан Бұқар Жырау көшесіне дейін; Рысқұлов көшесі Мәңгілік ел даңғылынан бастап Қайсаров батыр даңғылынан Сауран көшесіне дейін, Сарыарқа, Р.Қошқарбаев даңғылдары және т.б. тағы 300 көше ағымдағы жөндеумен қамтылады. Жұмыстың бір бөлігі аяқталды» деді ол. Сонымен қатар, биыл жолаушылар тасымалдауға 400 жаңа автобус сатып алынады. Оның 90-ы қалаға келді.

ЖАҒАЛАУДЫҢ КЕЛБЕТІ ӨЗГЕРЕДІ

Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбек Жағалау шағын ауданының тұрғындарымен кездесті. Емен-жарқын жүздесуде тұрғындар үйлердің қасбетін жөндеу, әлеуметтік нысандар, инженерлік желілер, жолдар, аулалар мен қоғамдық кеңістіктер салу, көгалдандыру, жарықтандыру, қосымша автобус бағдарларын іске қосу сияқты өзекті мәселелерді көтерді. Бұл туралы қала басшысы өзінің әлеуметтік желідегі парақшасында жазды.



«Жағалау шағын ауданының тұрғындарымен кездестім. Бұл – қаланың қарқынды дамып келе жатқан шағын аудандарының (Нұра жаңа ауданы) бірі. Мұнда инженерлік желілер мен әлеуметтік нысандарды салу бойынша да, абаттандыру бойынша да ауқымды жұмыстар жүргізу қажет. Оны кезең-кезеңімен

жүзеге асырамыз. Бұл қарқынды дамып келе жатқан шағын аудан болғандықтан, желілер қаланың балансына толықтай берілмейді, сол сияқты жарықтандырумен барлық жер бірдей қамтылмаған. Осы жазда бірқатар желіні балансқа аламыз» деді Ж.Қасымбек.

Әкімнің айтуынша, маңыз-

ды мәселелердің бірі – мектеп салу. «Тек Нұра ауданының өзінде «Жайлы мектеп» жобасы аясында 2-3 жылда 9 үлкен мектеп салуды жоспарлап отырмыз. Оның ішінде үш мектеп – Жағалау шағын ауданында бой көтереді. Аудан бойынша инвесторларды жұмылдыру есебінен 18 мектеп және жұмыс істеп тұрған мектепке бір корпус салу жоспарланып отыр. Сонымен қатар Жағалау шағын ауданын дамытуға бюджет қаражатынан бөлек жеке инвесторларды да тартамыз» деп түсіндірді қала басшысы.

Сонымен қатар, Жеңіс Қасымбек шағын ауданды абаттандыру мен көгалдандыруға ерекше көңіл бөлінетінін атап айтты. «Көтерілген проблемаларды шешу бойынша кесте жасаймыз: жұмыстың бір бөлігін биыл, екінші бөлігін алдағы жылдары орындаймыз. Жағалау шағын ауданы кезең-кезеңімен сол жағалаудың келбетіне енетін болады» деді әкім.

ЕЛЕҢ ЕТКІЗЕР

Римде Еуропа мен Африка елдерінің арасындағы заңсыз миграция мәселесі талқыланды.

Халықаралық конференцияда Италия премьер-министрі Джорджа Мелони төрт бағыт бойынша келіссөз жүргізуді ұсынды. Бұл – қылмыстық топтармен күресу, мигранттардың көшін бақылау, босқындарды қолдау және олардың елдеріне көмектесу. Еуропаға күн сайын теңіз арқылы жүздеген мигрант келеді. Жыл басынан Италияның өзіне 83 мыңнан астам адам заңсыз көшкен. Ал былтыр олардың саны 34 мыңдай ғана еді.



Испанияда парламент сайлауы өтті.

Дауыстардың 100 пайызы саналғаннан кейін бірінші орынды орталық оңшыл Халық партиясы алды.

350 мандаттың 136-сы – бұйырған партияның нәтижесі сауалнама кезінде болжанған жақсы көрсеткіштен алшақтау. Енді ол Vox оңшылдар партиясымен (33 депутаттық мандат) біріксе де, өздігінен билік ететін коалиция құра алмайды. Елді қиын коалициялық келіссөздер күтіп тұр.



Жаһандық жылынды тоқтату үшін әлем елдері парниктік газ шығарындарының көлемін қысқартуы қажет. Рим папасы жуырда мемлекет басшыларына осындай үндеу тастады.

– Бұл мәселені кейінге ысыруға болмайды. Планетамызды бәріміз бірге қорғауымыз керек, – деді Ватикан басшысы. Бұдан бөлек, Рим папасы миграция мәселесіне де тоқталып, Жерорта теңізі арқылы Еуропаға ағылған босқындарға көмектесуге шақырды.

ASTANA HUB – ДАМЫТУШЫ КОМПАНИЯ

Astana Hub – Орталық Азиядағы ең ірі халықаралық технопарктердің бірі. Оның қызметі IT бизнес үшін экожүйені қалыптастыруға, IT таланттарды қолдауға және стартап жобаларды дамытуға бағытталған. Қазіргі таңда бұл технопарк отандық IT саласында маман даярлауды жүйелі жалғастырып келеді.

Технопарктің басқарушы директоры Алина Әбдірахманованың айтуынша, бүгінгі таңда бұл мекемеде 1 212 IT компания тіркелген. Оларға ақпараттық-оқу, материалдық инфрақұрылым, бизнесті дамыту бағдарламалары, арнайы салықтық және визалық тәртіп тұрғысынан қолдау көрсетіледі.

– Astana Hub-та қазіргі таңда 7 мыңнан астам адам біздің бағдарламаларымыздан өтті. Astana Hub

қатысушылары IT саласында 20 мыңнан астам жұмыс орнын құрды, – деді Алина Әбдірахманова.

Мекеме басшысының айтуынша, жұмыстың негізгі бағыттарының бірі – IT саласындағы қазақстандық таланттар пулын толықтыру.

– Astana Hub білім бағдарламаларының қызметі – технологиялық кәсіпкерлікті танымал ету және технологиялық стартап құру үшін қажетті дағдыларды оқыту. Цифрлық даму, ин-



новациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің қолдауымен іске асқан бағдарламалардың курстар мен іс-шаралардың негізінде Astana Hub білім бағдарламалары кеңесі IT

экожүйеге жаңа таланттарды тарту, стартапшылар, фрилансерлер мен кәсіпкерлердің қоғамдастығын дамытуға қолайлы жағдай жасалған, – деді Алина Әбдірахманова.

ЕКПЕДЕН БАС ТАРТУШЫЛАР НЕГЕ КӨБЕЙДІ?

Астана тұрғындары балаларын қызылша, вирустық гепатит және туберкулез сияқты инфекциялардан вакцинациялаудан бас тартады. Ағымдағы жылдың алғашқы 6 айының қорытындысы бойынша елордада эпидемиологиялық жағдай тұрақты деп бағаланады. Инфекциялық, паразиттік, карантиндік және аса қауіпті инфекциялар тіркелмеген. Бұл туралы қалалық коммуникациялар орталығында өткен баспасөз мәслихаты барысында Астана қаласының бас мемлекеттік санитарлық дәрігері Сарқыт Бейсенова мәлімдеді.



Бас мемлекеттік санитарлық дәрігердің айтуынша, екі жыл бойы елордада қызылша ауруы тіркелмеген. Алайда өткен алты айда қалада қызылшаның бірден 117 расталған жағдайы, оның ішінде 97-сі балалар арасында тіркелді. 90 науқас ата-анасының бас тартуына байланысты вакцинацияланбаған. Сондай-ақ елордада бүгінгі күні тырысқақ, іш сүзегі, ботулизм, қызамық, дифтерия, листериоз, сибір жарасы, қышқыма және т.б. сияқты жұқпалы аурулар тіркелмеген.

Көп жағдайда ата-аналар жаңа туған нәрестелерін туберкулезге және В вирустық гепатитіне қарсы егуден үздік-кесілді бас тартып жатады. 2016 жылдан бері жүргізіліп жатқан мониторинг

деректеріне сілтеме жасай отырып, бас мемлекеттік санитарлық дәрігер Астанада егуден бас тартудың 986 жағдайы тіркелгенін айтты. Ағымдағы жылдың алғашқы жартыжылдығында 231 ата-ана егуден бас тартқан.

– Діни себептер бойынша 158 ата-ана немесе 16 пайыз, 566 немесе 57 пайыз – жеке сенімі бойынша, 195 немесе 20 пайыз – вакциналарға сенімсіздік себебінен, 62 немесе 6 пайыз ата-ана БАҚ-тың теріс ықпалына байланысты вакцинациядан бас тартты. Түсіндіру жұмыстарының нәтижесінде 580 ата-ана өз ойларын өзгертті. Дегенмен, жоспарлы иммундаумен қамтудың төмендігі, профилактикалық екпелерден бас тарту санының өсуі, негізсіз медициналық ауытқулар

вакцинамен басқарылатын инфекцияларға иммунитеті жоқ халықтың көбеюіне әкелуі мүмкін, бұл өз кезегінде осы инфекциялардың таралуына қолайлы жағдай туғызады, – деді Сарқыт Бейсенова.

Жүргізіліп жатқан жұмыстарға қарамастан, бірқатар инфекция бойынша сырқаттанушылықтың өсуі байқалады, олар: вирустық А гепатиті және менингококк инфекциясы 6 есеге, қызылша 17 жағдайға өскен.

Елорданың бас санитарының айтуынша, ерте піскен жемістер мен көкөністер организмге қауіпті болуы мүмкін. Оларды пайдаланбастан бұрын мұқият жуу және бірнеше сағат бойы суға салып қою керек. Жемістер мен көкөністер нитраттарға толы. Ал су оларды жояды.

Сондай-ақ мүмкіндігінше оларды қайнатылған түрде тұтынуға кеңес береміз. Жемістер мен жидектерді талапқа сай емес жерден сатып алуға болмайды. Өнім міндетті түрде шатырдың астында орналасуы керек. Ал қарбыз бен қаруын жерде емес, арнайы қағаздардың үстінде жатуы тиіс. Сондай-ақ кесілген қарбызды және жол бойында сатылатын жемістерді сатып алмаған дұрыс, – деді С.Бейсенова.

Өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда коронавирустық инфекция бойынша сырқаттанушылық көрсеткіші 33,8 есе төмендеді. Қазіргі уақытта тәулігіне 5-тен 20-ға дейін жағдай тіркеледі, ауру ересектер арасында да, балалар арасында да байқалады.



Анкаралық балалар «Қарлығаштың құйрығы неге айыр?» атты мультфильм мен Әмен ата шәкірттерінің 4 анимациялық туындысын түрік тілінде тамашалады.

Ігі шара әйгілі сценарист Әмен Қайдардың 100 жылдығына орайластырылды. Оған «Қазақанимация» шығармашылық бірлестігі мен Қазақстанның Түркиядағы елшілігі және «TURKTAV» Түркі тарихы және мәдениеті қоры мұрындық болды.



Мысыр елінде денге безгегіне ұқсас белгісіз ауру тіркелді.

Осыған байланысты ел әуежайларында санитарлық-эпидемиологиялық бақылау шаралары күшейтілді.

Бүгінде Астана, Алматы, Атырау, Ақтөбе, Орал, Қостанай және Шымкент әуежайларында шетелден келген жолаушылардың дене температурасы тексеріледі. Ұшақтарда дезинфекция жұмыстары жүргізіледі. Денге адамға масаның шағуынан жұғады. Науқастың температурасы 41 градусқа дейін көтеріледі.

Елордадағы Студенттер саябағында Ұлттық ұланға қарасты 5573 әскери бөлімнің сарбазы суға батып бара жатқан 12 жасар баланы құтқарды.

САРБАЗ СПОРТШЫНЫ ҚҰТҚАРДЫ

Қоғамдық тыныштықты бақылап жүрген қатардағы жауынгер Әлібек Ноғаев өзен жағасынан өтіп бара жатып, саябақта суға түншығып, көмекке шақырған баланы байқаған. Ескер есуден жаттығу барысында жел екпінінен каноэсі аударылғандықтан, 12 жасар бала суға бата бастаған. Радиостанция көмегімен патрульдік

топтың бастығына хабар бергеннен кейін әскери бөлімнің сарбазы дереу суға секіріп, баланы құтқарған. Жауынгердің батыл әрі шұғыл әрекеті оны ажалдан арашалады.

Аталмыш әскери жасақтағы жауынгерлердің барлығы елордалық жедел бригада командирінің алғысына бөленді.



СУБҰРҚАҚҚА ШОМЫЛУ – ҚАУІПТІ

Соңғы күндері Астанада ауа райы «жанып» тұр. Әсіресе, қырық градусқа жақын ыстық кездерде ойын балалары орталық көшелердегі субұрқақтың суына шомылуға құмар-ақ. Тіпті, кішкентай бүлдіршіндердің фонтаннан ағып тұрған суға шомылып жүретінін де байқауға болады. Алайда дәрігерлер мұның дұрыс емес екенін, денсаулыққа қауіпті вирус жұқтырудың ықтималдығын айтуда.



Астана қалалық жедел жәрдем станциясы ақпараттық-жедел диспетчерлік бөлімінің меңгерушісі Сабыр Нарқұловтың айтуынша, субұрқаққа шомылу арқылы балалар вирус жұқтыруы әбден мүмкін. Сондықтан, ата-аналардың балаларын бақылаусыз қалдырмағаны абзал.

– Ауа райына байланысты жеңіл киініз. Басыңызға жеңіл қалпақ киіп, күннен қорғайтын көзілдірік тағыңыз. Ағзаңыздың суыздануына жол бермеу үшін өзіңізбен бірге су алып жүріңіз. Ас үлесінен майлы және қуырылған тағамдарды алып тастау ұсынылады. Бұл тағамдар ағзаға шамадан тыс жүктеме түсіреді. Сонымен қатар алкогольден, шөл қандырмайтын газдалған және тәтті сусындардан бас тартқан жөн.

Ең дұрысы, ас мәзіріңізде дәруменге бай әрі ағзаға тез сіңетін көкөністер мен сорпалар болғаны жөн, – деді диспетчерлік бөлімнің меңгерушісі.

Күндізгі уақытта терезелерді жауып, ал кешкі уақытта бөлмелерді салқындату үшін терезелерді ашу қажет.

– Ауабаптағыштар да қауіпті. Температураның бірден ауысуы жоғары тыныс жолдарының ауруына, дене қызуының көтерілуіне, суық тиюге алып келуі мүмкін екенін ескертеміз. Балалар субұрқақта шомылу арқылы вирустар мен зиянды микроорганизмдерді жұқтырып алуы да мүмкін. Даладан келе сала суық суға шомылмаңыз. Бұл басқа да ауруларға түрткі болуы ықтимал, – деді Сабыр Нарқұлов.

БАЛАБАҚША МЕНГЕРУШІСІ СОТТАЛДЫ

Астана қаласы Байқоңыр ауданының №2 сотының үкімімен елордалық балабақша меңгерушісі, сондай-ақ осы мекемеге азық-түлік жеткізуші сотталды, деп хабарлады қалалық прокуратура.

Мемлекеттік айыптаушы сотта азық-түлік жеткізу көлемін едәуір арттыру арқылы бюджет қаражатын ұрлаудың қылмыстық схемасын дәлелдеді.

Сондай-ақ балабақшада жөндеу

жұмыстарын жүргізу туралы жалған актілер жасау арқылы ақша ұрланған.

Мемлекетке келтірілген залал толық көлемде өтелді, кінәлілер сотталды.

№87 (4520) 25/07/2023 Сейсенбі



«АҚЫЛДЫ» ҚАЛА ТҰРҒЫНЫ БОЛДЫҚ ПА?

Айгул УАИС

Жобаны әзірлеушілер «ақылды» қала л а р д ы ң әлемдегі ең сәтті істерінің халықаралық тәжірибесін зерттеп, еліміздің шындығына бейімделуді ескере отырып, ең жақсы шешімдерді қабылдады. Одан әрі қала өмірінің барлық салалық бөлімдерімен мақсатты жұмыстар жүргізілді. Жалпы, қазір Астана қаласында қауіпсіздік, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, көлік, халыққа қызмет көрсетуді автоматтандыру, сондай-ақ білім мен денсаулық сақтау сияқты тұжырымдамада белгіленген барлық бағыттар бойынша жұмыстар жүргізілуде.

«Ақылды» қаланың басты критерийінің бірі – тұрғындар мен билік арасындағы байланысты арттыру. Соның жарқын мысалы – iKomek 109 байланыс орталығы. Денсаулық сақтау мен білім беру саласындағы қызметтерді оңтайландыру – «ақылды» қала тұжырымдамасы жұмысының басым бағытының бірі. Әрбір тұрғынның өзінің онлайн-медициналық картасына бар, дәрігердің қабылдауына онлайн жазылады, сонымен қатар қашықтан кеңес ала алады. «Ақылды» қалалардың бұл артықшылығы ұлттық деңгейге дейін кеңейді.

Бұл жобаларды «Цифрландыру, ғылым және инновация арқылы технологиялық серпінді» ұлттық жобасы аясында дамыту жалғаса беретін болады.

«Ақылды» қаланың не екенін шет-жағасы болса да бізге жетіп, біртіндеп түсініп, игілігін сезіне бастаған сияқтымыз. Пәтерлердің дәлізінде қимылдасаныз шам жанып, ешкім болмаса өшіп қалатын «ақылды» таңданбайтын болды. Көшелердің қиылысын кесіп өтуге неше секунд қалғанын, аялдамаларда автобустың қанша минуттан соң келетінін «ақылды» тақтаға қарап біле қоямыз. Емханаларда, қоғамдық көліктерде, eGov тағы бар, қала тұрғындарының көптеген тірлігі тез бітіп, жеңілдеп қалғандай. Ақырындап смартфонға үңіліп, «ақылды» қаланың ақылды тұрғыны болып келеміз.

2017 жылы елорданың тұрақты даму тұжырымдамасы «Smart Astana» құрылды. Осыған сәйкес қаланың негізгі мәселелерін «ақылды» технологияларды енгізу арқылы екі бағытта шешу көзделді. Бұл – қалалық ресурстар мен қызметтерді басқару және инфрақұрылымды жақсарту. Астана қаласының әкімдігі ел бойынша бірінші болып елорданы «ақылды» қалаға айналдыру міндетін айқындай отырып, қауіпсіздік мәселесі, қалалық қызметтердің тиімділігі, көліктің қолжетімділігі, қала тұрғындарына көрсетілетін қызметтердің сапасы мен ыңғайлылығын аз уақыттың ішінде жолға қойды.

Ірі мегаполистер тұрғындарының өмір сүру деңгейін жақсарту, тиімді басқару – түрлі ақпараттық технологиялардың еншісінде. Жаңа технология, түрлі қосымшалар арқылы әкімдік қалалық инфрақұрылыммен және қалалық қауымдастықтармен бірлесіп қимылдай алады, сондай-ақ өмір сапасын жақсарту жолдарын әзірлеу үшін қала дамуын қадағалай алатын болды. Жалпы мамандар алдағы 10-15 жылда «Ақылды» қала жобасын жүзеге асыру қала өмірінің көптеген салаларын ілгерілетуге ықпал етеді деп мәлімдейді. Бұл, алдымен, қала тұрғындары мен қонақтарының жеке басының қауіпсіздігі. Біздегідей жұмыс істемейтін видеокамералар емес, дамыған елдерде бейне-аналитикаға негізделген құрылғылар, күдікті дыбыстар мен шуды анықтауға, қалтырастығы қылмысты қалт жібермей қадағалау жүйелерін жетілдірді. Мұның өзі ұрлық, тонау, кісі өлтіру сияқты қылмыстарды 30-40 пайызға азайтуға мүмкіндік беріпті. Әлеуметтік қызметтерді жетілдіру осы саланың басты міндетіне айналады. Көлік қозғалысы мен көшелерді жарықтандыруды оңтайландыру арқылы жедел жәрдем, өрт сөндірушілер мен полицияның қажетті жерге тез жетуін 20-35 пайызға қысқартуға болады екен. Ақылды қаланың аса маңызды тұсы – ресурстарды тиімді тұтыну. Жаңа технологияларды жетілдіріп, қуат үнемдейтін шамдармен қоса, ыстық су, суық су мен электр энергиясының құнын үштен біріне азайтуға, атмосфераға шығарылатын зиянды қалдықтардың көлемін 10-15 пайызға азайтуға қол жеткізеді. Қала дамуында тұрғындардың пікірі аса маңызды. Бұл ретте

арнайы қосымшалар арқылы тұрғын үйді басқарып, әлеуметтік өмірімізді түрлендіре аламыз. Бүгінде қалыпты жағдайға айналып кеткеніндей, әр үйде тұрғындардың ортақ чаты бар. Сол арқылы бәрін біліп, жағдайды тексеріп отырады. Бұл да – ақылмен келген нәрсе. Коммуналдық қызметтің төлемақысы, оның есебін автоматты түрде қабылдау, көлік тұрақтарын автоматты түрде анықтау, тағы басқа төлемдерді табаныңнан таусылып шаршамай, саусақтың ұшымен қимылдатып қана төлеу етуді деп мәлімдейді. Бұл, алдымен, қала тұрғындары мен қонақтарының жеке басының қауіпсіздігі. Біздегідей жұмыс істемейтін видеокамералар емес, дамыған елдерде бейне-аналитикаға негізделген құрылғылар, күдікті дыбыстар мен шуды анықтауға, қалтырастығы қылмысты қалт жібермей қадағалау жүйелерін жетілдірді. Мұның өзі ұрлық, тонау, кісі өлтіру сияқты қылмыстарды 30-40 пайызға азайтуға мүмкіндік беріпті. Әлеуметтік қызметтерді жетілдіру осы саланың басты міндетіне айналады. Көлік қозғалысы мен көшелерді жарықтандыруды оңтайландыру арқылы жедел жәрдем, өрт сөндірушілер мен полицияның қажетті жерге тез жетуін 20-35 пайызға қысқартуға болады екен. Ақылды қаланың аса маңызды тұсы – ресурстарды тиімді тұтыну. Жаңа технологияларды жетілдіріп, қуат үнемдейтін шамдармен қоса, ыстық су, суық су мен электр энергиясының құнын үштен біріне азайтуға, атмосфераға шығарылатын зиянды қалдықтардың көлемін 10-15 пайызға азайтуға қол жеткізеді. Қала дамуында тұрғындардың пікірі аса маңызды. Бұл ретте

ҚАРЕКЕТ ҚАШАН БАСТАЛДЫ?

Алғаш рет «ақылды» қала ұғымы шетелдік басшыларда 1980 жылдары талқылана бастады. Алғашында «қала» дамуының технологиялық және басқа да инновацияларға тәуелділігінің артуы» көрсеткіші

ретінде 2000 жылдары бет-бейнесі айқындалып, ақылды қала тұжырымдамасы нақтыланды. Ақылды қала терминінің түрлі атауы бар. Кибер қала, сымдар тарту технологиясына байланысты) білім қаласы, «цифрлық қала», жасыл қала, орнықты қала, инновациялық қала. Егер осы қасиеттерін біртұтас алып қарасақ, ақылды қала шығады. Яғни осы мүмкіндіктер арқылы барлық тұрғындарға қолайлы барлық байланыс қызметі қолжетімді әрі өте тиімді, жаңа жайлы жер. Заман талабына қарай интернет ақысыз, барлық жерде Wi-Fi тартуы ақылды қалаға тез жеткізетін жол.

Бүгінгі күні қалалық электр көлігі, суды қайта өңдеу және т.б. жүйелерін жаңадан төсеп, іргетасын ақылмен қалап, қала құру әрекеттері жүріп жатыр. Бұл – Қытай мен Сингапурдағы Тяньцзинь эко-қаласы (оның құрылысы екі мемлекеттің бірлескен жобасы) немесе БАӘ-дегі Масдар сияқты жобалар. Алайда сарапшылар әзірге олардың ешқайсысын мақтап отырған жоқ. Олардың құрылысы бәсеңдеп, қоныстану қарқыны жоспарланғаннан әлдеқайда артта қалыпты. Жаңадан тұрғындар жетілдіру тиімді деуде. Бүгінгі таңда әртүрлі елдердегі бірнеше мегаполистерді осында сынақтан өтіп, енгізіліп жатқан технологиялардың арқасында ақылды деп жіктеуге болады.

Бұл мәселенің бір ұштығы ақылды адамдарға да байланысты екен. «Ақылды» адамдар дегеніміз – жаңалықтарға ашық, жоғары білімді, қаланың қоғамдық өміріне белсенді қатысушылар.

Жаңа қаланың жақсы тұрғындары ғаламдық игіліктерді ақылмен игеріп, қолайлына қарай ұстап, қайда жүрсе де байланыста болуы қажет. Ертемен үйден шыққанда қызметіне жеткізетін жолдың ең жылдам және ең жақсы бағыттарын таңдап алуы білуі керек. Арнайы бағдарламамен көздеген жеріне жақын жолмен тез таба білуді, дәрігерге алдын ала жазылып, баланы мектепке, балабақшасына тіркеуді тез үйренуі тиіс. Азық-түлікті алдыртқыңыз келсе, коммуналдық төлемдерді төлеу де ұқыптылықты қажет етеді. Демек, тұрғындардың да жаңа жағдайға ықпалы мен икемі болмағанда «ақылды» қаланың қуаты толық пайдаланылмайды.

АҚЫЛЫ АСҚАН ҚАЛАЛАР

«Ақылды» қалалардың тәжірибесіне қарап, алдыңғы үштіктің даму барысын саралап көрінгенде Сингапур бәрінен басып озып, өздігінен жүретін көліктерді іске қосу үдерісінде екенін білдік.

Бұл елде әу баста басты күшті ақылды қаланың негізгі элементі – көлік қозғалысын қолға алыпты. Әрі қала, әрі мемлекеттің көшелері кептелістерді азайту үшін ақылды бағдарламалармен және көлік қозғалысының тығыздығын өлшейтін жол сенсорларымен жабдықталған. Сингапур автотұраққа қойылған көліктердің санын тіркейтін және қолданбаған бос орындар бар екендігі туралы деректерді жіберетін «ақылды» автотұрақтар желісімен толықтырылады. 5 млн астам халық бар бұл елдің көшелерінде кептеліс болмайды. Және «Виртуалды» Сингапур тұжырымдамасы анықталып, тіпті төтенше жағдайда қаланы эвакуациялауды да жоспарлап қойыпты. Мұнда басқан қадамныңызды санап тұратын датчиктер әрбір үйде жоғары жылдамдықты интернет бар, әрбір екі тұрғынға үш смартфоннан келеді.

Әлеуметтік жағынан да алға шыққан, мысалы, қарт кісінің үйінің есігіне қойылған датчик үйдегі адамның қозғалысын бақылап тұрады, егер адам біраз уақыт қозғалысыз қалса, медициналық жәрдем көрсету үшін дәрігер шақырып не туыстарына тез хабар береді.

Сингапур үкіметі сонымен қатар су шығындарын оңтайландыруға және тұщы суды импорттайтын Малайзияға тәуелділікті азайтуға тырысуда. Бұл үшін нақты уақыт режимінде электр қуатын, суды және басқа да көрсеткіштерді тұтынуды

бақылай алатын сенсорлармен жабдықталған. Мұның бәрі ақша емес, сонымен қатар табиғат қорларын үнемдеуге үйретеді.

Бұл тізімде Барселона да бар екен. Осы тізімдегі басқа қалалар сияқты, Барселона кептелістерді бақылау үшін ақылды тұрақ пен қозғалыс жүйелерін пайдаланады, бірақ қала сонымен бірге керемет энергия үнемдейді. Барселона күн энергиясын белсенді пайдаланады. Қалада «ақылды» қоқыс жинаудың жетілдірілген жүйесі енгізілді: контейнер толған кезде сигнал беретін ультрадыбыстық датчиктермен жабдықталған, бұл қоқыс таситын көліктерге жанармайды және қалалық қызметтердің жұмыс уақытын айтарлықтай үнемдеуге мүмкіндік береді. Сондай-ақ тұрғындардың күнделікті өміріне көмектесетін бірнеше қосымшалар бар. Мәселен, солардың бірі арқылы азаматтар жолдардағы шұңқырлар мен жарық шамдарының сынуы туралы шағым түсіре алады. Бұл деректердің барлығы қалаға болашақта көмектесу үшін белгілі бір құрылымдарға жіберіледі. Лондон халқының саны болжам бойынша алдағы он жылда тағы 1 миллион адамға артады дейді. Лондон метросы әлемдегі ең үлкен метролардың бірі болып табылады. Өз схемаларында шатастырмау үшін қалада қолаушыларға арналған бірнеше ондаған қосымшалар мен онлайн қызметтер бар. Олар жерасты және көше көлігінің күрделі схемасын шарлауға көмектеседі, сапарларды ыңғайлы жоспарлауға және пойызды жіберіп алмауға көмектеседі.

Сан-Франциско әрі ең жасыл, әрі ең ақылды қалалардың бірі болып саналады. Заннамаға сәйкес, қаладағы салынып жатқан ғимараттардың төбесінің 15 пайызы күн батареяларына бөлінуі тиіс. Қала қалдықтардың 100 пайызын қайта өңдейді. Сондай-ақ қалада электрлі көліктерді қуаттандыру инфрақұрылымы қарқынды дамуда.

Қарап отырсаңыз, қай бағытта алса да «ақылды» қалалардың қатарына қосылуда таңдау бар. Біздің Астанада осыдан бірнеше жыл бұрын басталған үдерістің нәтижесін бүгіндері көріп жатырмыз, әлі де қала үшін бағытын айқындап, тиімді жағына күш салып, көшті түзеуге толық мүмкіндік бар. Оның дамуын жеделдететін ақылды тұрғындарымыз да сол сәтті күндерді асыға күтуде.

Гүлшат
САПАРҚЫЗЫ

СТАТИСТИКА НЕ ДЕЙДІ?

Деректерге сүйенсек, қазақстандықтардың қаржылық сауаттылық деңгейі 2021 жылы 40%-ға жуықтаған. Жалпы сарапшылардың пайымынша, мамандығына қарамастан, қаржылық сауат негіздерін түсіну, өз бюджетін жоспарлай алу материалдық игілікке ұмтылатын әрбір адам үшін маңызды.

Тағы да статистикалық деректерге сүйенсек, Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі соңғы үш жыл көлемінде елдегі қаржылық сауаттылық деңгейі 2,82%-ға артқанын айтады. Мәселен, 2018 жылы қаржылық сауат деңгейі 36,25% болса, 2020 жылы 39,07%-ға, ал 2021 жылдың 4-тоқсанында жүргізілген әлеуметтік зерттеуге сәйкес, 39,52%-ға жеткен. Агенттіктің болжамынша, 2024 жылы бұл көрсеткіш 41%-ға дейін көтерілмек.

КІМДЕРГЕ КЕРЕК?

2021 жылы «Қазақстан қаржыгерлерінің қауымдастығы» ЗТБ және қаржы ұйымдары бірлесіп, мемлекет қатысатын компаниялардың қызметкерлері үшін оқыту іс-шараларын өткізу жөніндегі тұжырымдаманың іс-шаралар жоспары шеңберінде жұмыс, Қазақстандағы IDF Eurasia, Solvo тобымен бірлесіп және облыс әкімдіктерінің қолдауымен өңірлер тұрғындары үшін қаржылық сауаттылық бойынша оқыту дәрістерін жүргізді.

Одан бөлек, 2021 жылы мектеп жасындағы балалардың қаржылық сауаттылығын арттыру мақсатында агенттік Freedom Finance Camp кеңейтілген жобасының шеңберінде Қазақстан мектептеріндегі қаржылық сауаттылық бойынша тегін сабақтар өткізген.

Сонымен қоса, 2021 жылғы мамырда агенттіктің азаматтарымен жедел өзара іс-қимыл жасауы және қаржы реттеушісінің, қаржы ұйымдарының, реттелетін субъектілердің қызметі мен мемлекеттік қызметтер туралы ақпараттың халық үшін қолжетімділігі мен толықтығын арттыру мақсатында Call-орталық жұмысын бастады. Азаматтар қаржы ұйымдарымен өзара іс-қимыл жасау, қаржылық қызметтерді тұтынушылардың құқықтары мен мүдделерін қорғау, агенттікке азаматтардан бұрын түскен өтініштерінің мәртебесін нақтылау, қаржы ұйымдарының жұмысы туралы кеңес алу мәселелері бойынша жүгіне алады.

ҚОЛЖЕТІМДІ ҚЫЗМЕТ

Қазір бір жақсысы – ғаламтор заманында қаржылық сауатты арттыру мақсатында жұмыс істейтін түрлі ақпараттық порталдар, телеграмм арналар бар. Қалағаныңды табасың. Соның бірі – жуырда ғана ашылған «Қаржылық сауат» телеграмм арнасы. Оны жүргізетіндер – белгілі қаржыгер журналист әріптестеріміз.

Мысалы, қоғамдық орындарда QR-кодты қолданғанда абай болу керек. Алаяқтардың қақпанына түсіп қалуыңыз мүмкін. Сондай-ақ ақшаны қалай үнемдеген дұрыс? Қаржы сарапшылары баланың қаржылық сауатын қалыптастыру үшін орта білім жүйесінде арнайы пән ашуды айта бастады.

Қазір қаржы саласын QR-кодсыз елестету қиын. Сіз бен біздің саудамызға жеңілдік әкелген бұл әдісті қолында смартфон бар кез келген адам қолданады. Бала да, ересек те. Бірақ, қаржылық сауат бойынша сарапшылар осы QR-кодты абайлап қолдану керектігін қатаң ескертіп жүр.



ҚАРЖЫЛЫҚ САУАТЫМЫЗ ҚАНДАЙ?

Күнделікті өмірімізді қаржылық қызметтерсіз көзге елестете алмаймыз. Қаржыны табу бар да, оны орынды қолдана білу де бар. Ол үшін қаржы сауаттылығын арттыру қажет. Қаржылай сауатты адам өз бюджетін дұрыс жоспарлап, бар қаржысын көбейту жолдарын біліп, банк өнімдері мен салық заңнамасынан хабардар болуы керек.

Сауда жасап, тауар аларда, белгілі бір қызмет түріне төлейтін кезде барынша мұқият болған жөн. Өйткені қоғамдық орындарда QR-кодты еш алаңсыз сканерлеп алған азаматтардың арасында фишингтік ресурстарға тап болғандары да бар екен.

Фишингтік ресурс – нағыз алаяқтардың ортасы. Олар азаматтарды қалай алдап, арбайды? Ең қарапайым жолын айтсақ, мысалы, сіз тапсырыс бермеген тауарды алаяқтар интернет-дүкеннен жіберуі мүмкін. Тауар

үйренеді екен.

Тәуелсіз сарапшы Нұржан Бияқев мектеп бағдарламасына қаржылық сауат пәнін енгізетін уақыт келді деп санайды. «Баланы мектеп жасынан қаржылық сауатқа үйретсек, бүгінгі оқушы ертең есейген шағында алдынан кезігуі мүмкін көптеген кедергіден сүрінбей өтеді» дейді ол. Қазір әр баланың қолында смартфон барын ескерсек, әртүрлі қаржы құралдары оларға онлайн таныса әрі қолжетімді. Сондықтан балалар цифрлық гигиенаның

сіз бен біз тұтынатын күнделікті ас-су, азық-түлікке жатпайтын тауарлар мен басқа да тұтынатын қызметтер. Қазақстанда бір адамның тұтынуына кететін шекті сома бар. Оның мөлшері – 40 567 теңге. Қарапайым тілмен айтсақ, бұл бір адамның 1 айда күнкөрісіне қажет ақша, – деді ол.

ПИРАМИДАЛАРҒА АЛДАНҒАНДАР АЗ ЕМЕС

Соңғы 15 жылмен есептесек, орта есеппен бізде бір жылда 27 мың алаяқтық қылмыс тіркеледі. 31 жылда бұл – 837 мың қылмыс. Бір алаяқтық қылмыс орта есеппен 2,5 миллион теңге шығынға бағаланады. Сонда алаяқтар ресми түрде Қазақстан тарихында 2,1 триллион теңге шығын әкелген.

Бірақ бұл да толық картинаны бере алмайды. Себебі, психолог, әлеуметтанушы мамандар алаяқтарға алданып қалған әрбір бесінші азамат қана құқық қорғау органдарына шағымданады деген пікірде. Оның түрлі себептері бар. Көбінесе отбасылық жанжалдан қорқады. Пирамидаларға алданып қалған келіншектер күйеуіне айтудан қайырмайды. Алданып қалғандар туыстарына, достарына жария қылуға ұялады. «Маған сабақ болды, бұл енді садақа болсын» деп жылы жауып қоя салады.

Онда шын картинаны көру үшін 2,1 триллион теңгені беске көбейтеміз. 10,5 триллион теңге шығады. Қазіргі бағаммен есептесек, 23,5 миллиард АҚШ доллары. Бұл біздің өмір бойы жинаған Ұлттық Қорымыздың тең жартысы.

Біздің кедейлігімізде, әлеуметтік әлсіз топтардың көбейіп, олардың оңала алмай жатқанында алаяқтардың үлкен үлесі бар. Халықтың АСП, зейнетақыдан түскен ақшаларынан бөлек, соңғы уақытта ломбардтан қарыз, банктен несие алып, соны алаяқтарға беретін жағдайлары көбейген. Бір жағынан пирамида, екінші жағынан кибералақтық өршіп тұр.

– Халықтың жан-жақтан пирамидалар, банктің жалған колл-центрлері, кибер хакерлер жұмалауда. Бұдан құтылатын жалғыз жол бар. Ешкімге ақша

2018 ЖЫЛЫ ҚАРЖЫЛЫҚ САУАТ ДЕҢГЕЙІ 36,25% БОЛСА, 2020 ЖЫЛЫ 39,07%-ҒА, АЛ 2021 ЖЫЛДЫҢ 4-ТОҚСАНЫНДА ЖҮРГІЗІЛГЕН ӘЛЕУМЕТТІК ЗЕРТТЕУГЕ СӘЙКЕС, 39,52%-ҒА ЖЕТКЕН. АГЕНТТІК ТІҢ БОЛЖАМЫНША, 2024 ЖЫЛЫ БҰЛ КӨРСЕТКІШ 41%-ҒА ДЕЙІН КӨТЕРІЛМЕК

қорабының сыртында немесе ішінде затты қалай кері қайтаруға болатыны туралы «нұсқаулық» жазылған кодты көресіз. Егер сол QR-кодты сканерлесеңіз, сізді автоматты түрде фишингтік сайтқа бағыттауы мүмкін. Ол кезде сіздің барлық деректеріңіз, банк картаның реквизиттері алаяқтардың қолына түсті деген сөз. Сондықтан, мейлінше, абай болған дұрыс.

САУАТ ДЕҢГЕЙІ ҚАНДАЙ?

Қазақстандықтардың қаржылық сауат деңгейін зерттейтін ұйымдар бар. Солардың бірі – Экономикалық даму және ынтымақтастық ұйымы.

Реттеушінің алдын ала болжамы бойынша, 2024 жылға қарай бұл көрсеткіш 41 пайызға жетуі керек. «Ақшаны қалай жұмсаған дұрыс?» деген сұраққа қарапайым жауап айтқысы келген банк мәселелері бойынша тәуелсіз сарапшы Нұржан Бияқев депозитке ақша жинауды үйрен деп кеңес береді. Айлық табысының қай бөлігі ас-суға, қаншасы коммуналдық шығындарға кететінін білетін азамат ертеңі үшін қор жинағаны дұрыс дейді. Сонда ғана адам ақша үнемдеу ісінде белгілі бір тәртіпке бағынып

негізгі ережелерін білуі керек. Ертеңгі күні ер жеткенде ақшаға қатысты саналы түрде шешім қабылдай алуы үшін оларды қазірден бастап дұрыс әдеттерге баулыған дұрыс деп санайды.

Нұржан Бияқевтың айтуынша, бұл мәселе депутаттармен де, Оқу-ағарту министрлігінің өкілдерімен де талқыланған. «9-11-сынып оқушыларын қаржылық сауат пәнімен сусындата алсақ, ертең студент болғанда, жұмыс істеп ақша тапқанда, қолдағы қаржысын дұрыс жұмсауды біліп тұра еді» дейді тәуелсіз сарапшы.

АҚШАНЫ ҚАЛАЙ ЖИНАҒАН ДҰРЫС?

Қаржы үнемдеу жолдарын білесіз бе? Экономистер артық ақшаны қай валютада және қайда сақтауға кеңес береді? Бәрімізді қызықтыратын сауалдарға экономист, қаржыгер Сапарбай Жобаев жауап берді. – Қиялға ерік бермей бірден айтар болсақ, қаржыны кез келген адам немесе отбасы үнемдей алмайды. Үнемдеу дегеніміз ол – жинау. Ал, артық қор жинау үшін бір айдағы табысың алдымен үйдегі әр адамның айлық күнкөрісіне кететін шығынды жабуы керек. Ол не шығын? Ол –



Табысыңыздың 10%-ын жинақ ретінде бөліп отыруды әдетке айналдырған жөн. Яғни депозит ашып, соған аударып отыру. Тек айлығыңыздың 10%-ын ғана емес, үйге келген барлық табыс көзінің 10%-ын аударып отыру керек. Сонымен бірге екі-үш жыл асықпай ақшаңызды жинақтап, оны көбейту жағын ойластырған абзал. Шығындарыңызды ұлғайтып жібермеудің және оны азайтудың жолдарын қарастырған жөн» дейді экономист сарапшылар

бермеңіз. Ақша мәселесінде ешкімге сенбеңіз. Пирамидаларда таныс адамдар тарапынан әдемі ертегілер көп айтылады. «Мынандай жерге ақша салып едім. Енді міне көлік алайын деп жатырмын» және басқа да. Бәрі өтірік. Сізді тұзаққа түсіру үшін айтылады. Өтірік банк телефон соғады. Мүлде сөйлеспеніз. Инстаграмдағы түрлі блогерлер, қайырымдылық қорлары, әдемі алуан нөміріңізді де көрсетуіңіз керек. Болған жайды баяндап, арызға түбіртеккіңізді суретін де қосып тапсырасыз. Банк соның негізінде ақшаңызды қателікпен алған адамға хабарласып, сіздің атыңыздан өтініш жасайды. Егер ол адам жазбаша келісім берсе, онда ақшаңыз қайтады.

ҚАРАЖАТТЫ ҚАЛАЙ ҚАЙТАРАМЫЗ?

Қателесіп, басқа адамға ақша аударып қойсаңыз, оны қалай

P.S:

Отбасылық бюджетін тиімді жоспарлап, үнемдеу арқылы халықтың табысы артады. Табысы артқан халық ел экономикасының ілгерілеуіне өз үлесін қосады. Сондықтан, бірінші кезекте, ең төменгі күнкөріс шегін көтеруіміз керек. Сосын салық саясатына қатысты 100 мың теңгеден аз табатын азаматтарға жеке табыс салығы салынбағаны да дұрыс. Тұрғындар күнделікті шығынын есептеп, жұмсайтын қаржысын алдын ала жоспарлауы қажет.

қайтаруға болады? Бұл ретте банк қай жағынан көмекке келе алады? Ақша қайтпаған жағдайда сотқа жүгінудің жолдары қандай? Бұған қаржы шолушысы Ербол Азанбек былай жауап береді.

– Қазақстанда банк саласы мен қаржы жүйесі түгелдей дерлік цифрландырылған. Ақшалай аударымдарды қолымыздағы смартфонның көмегімен емін-еркін жүргізе береміз. Ақша алушының телефон нөмірін білсек, соның өзі жеткілікті. Әлемнің қай бұрышында жүрсеңіз де, банк қосымшасындағы онлайн-аударымның арқасында аударған ақшамыз тиісті адресатқа санаулы секундтардың ішінде жетіп жатады. Бұл енді бүгінгі технологияның жемісі. Алайда, абай болмасаң, оның зардабын да тартуың бек мүмкін. Ол, әдетте, сіз бен біздің бейқамдығымыздан, үнемі асығыстығымыздан, ақпаратты тексере бермейтінімізден болады.

Телефон нөмірі арқылы ақша аударамыз дедік. Бір саннан қате кетті ме, ақшаныз басқа адамның шотына түсті дей беріңіз. Адамына қарай ол ақшаның қайтуы да мұң. Мұндайда ойға не келеді? Әрине, қалайда сол адамды тауып, аударылған қаржыны қайтарып алу керек. Бірақ, ол біз ойлағандай оңай шаруа емес.

Төлем және төлем жүйелері туралы заң бойынша, аударымды алушының келісімімен ғана қайтаруға болады. Тағы бір адамдар болады, банктерге: «ақша аударылған адамның нөмірін бере салыңдар, өзім хабарласып, ақшамды қайтарып аламын» дейтін. Банк оны да бере алмайды. Өйткені банктік құпия заңмен қорғалады. Сондықтан, ақша аударатын кезде барынша мұқият болыңыз, ақша аударатын адамның нөмірін бірнеше рет тексеріңіз. Егер сіз қателесіп, банк қосымшасы арқылы басқа адамға ақша аударып қойсаңыз, қайтарудың екі жолы бар.

Ең алдымен, банк қосымшасында кері қайтаруды сұрау тетігі болса, соны пайдаланасыз. Кейбір банктердің қосымшасында мұндай тетік бар. Егер ақшаңызды алған адам 7 күн ішінде қайтармаса, сотқа шағымданаңыз, – дейді қаржы шолушысы Ербол Азанбек.

Мұндай қызмет көбінесе қосымшаның ішіндегі аударым сервисі – «тарих» бөлімінде болады. Сол жерде қажетті түбіртеккіңізді таңдап, «Құшін жоюды сұрау» дегенді басасыз. Ақша түскен адамға хабарлама барады. Ол қайтаруды басса, ақшаңыз өзіңізге қайтады. Енді өмірде адал, тәртіпті, заңға бағынатын адамдар көп. Көпшілігі қайтарып береді. Алайда, картасы бұғатталған, жоғалтқан немесе ондай қосымшаны пайдаланбайтын, я болмаса, қасақана ақшаны қайтарғысы келмейтін адамдар болуы мүмкін. Ондай жағдайда сотқа шағымдану керек.

Екінші тәсілі мынау: қосымшада ондай тетік болмаса, банк бөлімшесіне барып, арыз жазу керек. Банк, заңда қарастырылғандай, 15 күн ішінде жауап қайтарады. Ол үшін арызды аты-жөніңізді, ЖСН мен телефон нөміріңізді де көрсетуіңіз керек. Болған жайды баяндап, арызға түбіртеккіңізді суретін де қосып тапсырасыз. Банк соның негізінде ақшаңызды қателікпен алған адамға хабарласып, сіздің атыңыздан өтініш жасайды. Егер ол адам жазбаша келісім берсе, онда ақшаңыз қайтады.

№87 (4520) 25/07/2023 Сейсенбі

Бірақ, Қажымұқанды зерттеген қаншама ғалымның шырылдап, қаншама рет жазғанына қарамай, неге екені белгісіз Қажымұқанның туған жылы туралы қате дерек әлі өзгертілмей келеді.

Жазамын, зерттеймін деген кісіге Қажымұқан өмірі небір әсерлі оқиғаға қандай бай десеңізші! Балуан туралы қызық деректерді ертеректегі газет-журналдардан да табуға болады.

Соның бірі мына мақала: «Шәһар Троицк, 1 декабрь 1913 жыл өткен ноябрьдің 5-нен бермен қарай Троицк шәһарімізде бүкіл Сібірге мәшһүр ойын (цирк) жасаушы Стрелетов деген келіп, ойын-тамаша көрсетіп жатыр.

Циркте ноябрьдің 15-нен бермен қарай күрес басталды. Телеграмменен, хатпенен хабар алып, бүкіл жаһандағы балуандар Троицкіге жиналып жатыр. Қазіргі уақытта келген балуандардың аттары мынау: арқасы жерге тимеген, неше патшалардың алдында күресіп, бөйге алған неміс балуаны Шмидт; арқасы жерге тимеген жаһан балуаны француз Фиерди Колос; арқасы жерге тимеген жаһан балуаны Тигена; Сібірдің бас балуаны Петров; атты қазақтың бас балуаны Александро Первый.

Бұл балуандардың арасында біздің қазақтан да бір балуан бар. Бұл – бүкіл мұсылманның күштісі деп атайды. Аты Қажымұқан Мұңайтпас ұлы. Жасы 30-да, мойнында 12 медаль бар. Бұл Қажымұқан балуанды Кавказиядан телеграмменен Троицкіге шақырды. Троицкіге келіп, бөтен жұрттан жиылған 18 балуанның арасына түсіп, барлығын да Қажымұқан жықты.

Қажымұқан балуанның маған келіп айтқан сөздері мынау:

– Мен Қараөткелге қараған алтыбас қыпшақтың 18 жасар баласы едім, күреске жас күнімнен құмар едім. Бір жылы Омск шаһарына орыстың Злобин деген балуаны келіп, ойында жұрттың бәрін жықты. Мен де сол ойынға талаптанып барып, Злобинмен күрестім. Ол уақытта 18-де едім. Мені Злобин 18-минутте жықты. Бізмен ішіме сыймай, мен жығылғанымна намыстанып, қанданып, біраз ақша тауып алып, күрес үйрену үшін Петерборға кеттім.

Петербургта күрестің профессоры Иван Владимирович Леутов дегенді тауып алдым. Оның күрес үйрететін медресесі бар екен, сол медресеге айына 90 теңгеден төлеп кіріп, күрестің әдісін үйрендім. Жыл жарымда әдістің бәрін үйреніп болдым. Болғансын күреске, майданға түстім. Баяғы өзімді 18 минутта жыққан Злобинді 3 минутта жерге алып ұрдым. Петерборда, Мәскеуде, Варшавада, Вильнода, Ыстанбұлда, Лондонда, Парижде күрестім. Орыс балуаны Кикин, неміс балуандары Лерих, Альрих дегендермен ұстасып, бірде жығып, бірде жығылып жүрдім. Мұсылманның ең күшті деген атағына илдім. Вильно деген шаһарда поляк татарының Фатима деген қызы маған ғашық болды. Сол қызды алдым. Төрт жасар балам бар. Әйелімнің некаһын хәм баламның туғанын метиреге тіркеткім келеді, соған не ақыл бересіз? – деген.


Қажымұқанның бұл қайратын көрген орыстар айтады: «мұсылман жұрты нашар халық дейтін едік, сендерде де балуан бар екен. Мұндай французды, орысты, немісті шыдаптай жығып тұрған балуандарды тудырған елден белгілі сәудегер, белгілі ақылды данышпандар туса керек» деді.

Бұл мақала қазақтың тұңғыш журналисі Мұхамеджан Сералиннің Троицкіде шығарып тұрған «Айқап» журналының 1913 жылғы 1 декабрьде шыққан 21-нөмірінде басылған. Авторы Жиһанша Сейдалин мақаласының екінші

ҚАЖЫМҰҚАН ҚАЙ ЖЫЛЫ ТУДЫ? НЕМЕСЕ АҒЫЗ БЕН АҚИҚАТ

Биыл сәуірдің 7-сі күні қазақ халқының атын әлемге танытқан ұлы балуан, күрестің үш түрінен:

- 1) Еуропада қолданатын французша күрестен әлемнің бірнеше дүркін чемпионы;
- 2) Америкада қолданатын еркін күрестен иығы жер иіскемеген – абсолютті чемпион;
- 3) жапондардың джиу-джитсу күресінің чемпионы Саракии Джиндофудан орыстардың Иван Поддубный бастаған бар балуандары қорқып, шыға алмай тұрғанда, Көк Түріктің ұрпағы екендігін көрсетіп, атылып шығып, жараланғанына қарамай жер жастандырған қазақ даласының батыры, қазақ спортының атасы – Қажымұқан Мұңайтпасұлының туғанына 140 жыл, 12 тамызда өмірден өткеніне 75 жыл толады.



бөлімінде қазақтың сол кездегі хал-ахуалын әңгімелейді...

«...Қажымұқан туралы аз айтылған жоқ, оны елі танып отыр. Бірақ балуанның толық тұлғасын, бейнесін, өмірін әлі жете білмейміз. Бұл ұрпаққа керек өнеге ғой. Сол себепті осыны ел болып қолға алса, жана кітаптар жазылып, С.Қожықовтың фильмінің жалғасы түсірілсе болар еді. Бізде толыққанды өмірбаяндық («ЖЗЛ» сияқты) кітаптар да жоқ. Өз ұлтымызды өзіміз толық танымай отырмыз. Біз Қажымұқанды осы уақытқа дейін 1871 жылы туған деп келдік. Тіпті энциклопедияда да солай жазылған. Кейін анықталғандай, көзі тірі куәлардың растағанындай, ол кісі 1883 жылы туған.

1983 жылы Қажықеңнің туғанына 100 жыл толды. Бүкіл Қазақстан болып аузымызды ләм деп ашпадық. 1993 жылы да үн-түңсіз қалды. Зиялы азаматтар осы мәселені көтеріп, 2013 жылы Қажымұқанның 130 жылдығын тойласақ, қазақ халқы үшін үлкен мақтаныш қана емес, ұрпақтар үшін өнеге болар еді» деп жазыпты Қалиәкпар Әміржанов (Қазақстанға еңбегі сіңген дербес зейнеткер, мәдениеттанушы, Қазақстанға еңбегі сіңген мәдениет қайраткері) өзінің «Күш атасы – Қажымұқан» <https://adynna.kz/post/2603?mode=grid&site=ar> 18.11.2015 ж. атты мақаласында.

ҚАЖЫМҰҚАН ҚАЙ ЖЫЛЫ ТУҒАН?

Дархан даламыздың ұлы перзенті, спорт әлеміне Қажымұқан есімімен мәшһүр болған Мұқан Мұңайтпасұлы жайында соңғы жылдары біраз жайттар айтылды, бұл тақырыпқа көптеген ақын-жазушы, ғалым, журналист қалам тартты. Қалмахан Әбдіқадыров («Қажымұқан», Алматы, «Жазушы» баспасы, 1959 жыл), Мұратхан Тәнекеев («Қажымұқан», Алматы, «Қазақстан» баспасы, 1964 жыл) және басқа ғалым-жазушылар зерттеу еңбектер жазды. «Күш

атасы» деген атпен екі естеліктер жинағы жарық көрді (құрастырған Ғазизбек Тәшімбаев). Сәкен Сейфуллиннен бастап Төлеген Айбергеновке дейінгі ақындар өлең арнады. Ал күнделікті шығып тұратын республикалық, облыстық, аудандық деңгейдегі газет-журналдарда жарияланып жатқан мақалалар, хабарлар өз алдына бір төбе. Мұның бәрі халқымыздың біртуар азаматына көрсетіліп жатқан құрмет деп білеміз. Өйткені ұлы адамдар халықтың ұлы, ердің елі болады.

Бірақ әлі күнге дейін басы ашылмаған, жұрт бір тоқтамға келе алмай отырған бір нәрсе бар. Ол – алып бабамыздың өмірге келген жылы. Бұл жайт қазіргі кезде әртүрлі жазылып жүр. Сондықтан осы мәселеде толымды тоқтамға келіп, баянды байлам жасайтын уақыт әлдеқашан-ақ жеткен сияқты. Балуан атамның өмірі мен өнерін зерттеп жүргендіктен, бұдан бұлай дау-дамайға, айттыс-тарттысқа, өңбес дауға жол берілмеуі үшін, тарихи әділдік болуы үшін осы мақаланы басалықалық төрелігін айтатын аға басылым ретінде «Егемен Қазақстан» арқылы барша қауымға ұсынып отырмыз.

Әңгімені басынан бастайық. 1964 жылы КСРО спорт қоғамдары мен ұйымдары одағы орталық кеңесінің органы болып табылатын, Мәскеуде шығатын «Физкультура и спорт» журналының №3 санында Б.Михайлов деген біреудің Қажымұқанды қаралаған мақаласы жарияланды. Ол журнал оқушыларының бір тобының «Сіздер кезінде Ресейдің даңқын шығарған балуандардың бірі Қажымұқан туралы неге көлемді мақала жазбайсыздар?» деген орынды сұрағаны жауап ретінде жазылыпты. Әлгі әңгілік қазақ десе ішіне қан қатқан шовинистердің бірі болса керек, тіпті Қажымұқан деген балуан болған емес, ол жай әншейін циркке жұрттың көңілін көтеріп, күлдіру үшін шығатын еді дегенге барған. Қазақстанның «Спорт» газеті (№20, 1959 ж.) сіздерді адастырып отыр деп боскен.

Патша үкіметі, сонан соң кеңес үкіметі қазақ даласын отарлаған екі жарым ғасыр ішінде аруағымызды аттап, тарихымызды таптап, діннен бездіріп жіберген жоқ па? Хандарымыз бен сұлтандарымыздың, билеріміз бен батырларымыздың есімін естен шығарып, еліне сіңірген еңбегін ұмыттырып жіберген жоқ па?! Қазақтың қазірге 20 жас пен 70 жас аралығындағы ұрпағы Илья Муромец пен Алеша Поповичті, Александр Суворов пен Михаил Кутузовты, Минин мен Пожарскийді, қала берді, қандыбалақ Ермақты жаттап өскен ұрпақ, олардан басқа батырлар бар деп ойламаған ұрпақ. Сол сияқты спорт саласында да Иван Поддубный мен Иван Заикин, тағы басқа орыс балуандарын ғана оқығандар. Сондықтан да шовинизм дертіне шалдығып, «Ресейді қалай көркейтуді» білмей жүрген А.Солженицын сияқтылар аз емес бұл өмірде. Солардың бірі осы Б.Михайлов деген сабазың болып шықты.

Ол кезінде бүкіл Ресейге «Ваня ағай» деген атпен мәлім болған, күрес мектебін ұйымдастырушы Иван Владимирович Лебедевтің мектебінен өтіп, кейіннен боз кілемге шығып, ірілі-ұсақты талай жарыстарда жүлде алған, жеңімпаз атанған, орыстың ұлы балуандары Иван Поддубныймен, Иван Шемякинмен бірге жүрген, тіпті достық қарым-қатынаста болған Мұқан Мұңайтпасов туралы ешнәрсе көргісі де, естігісі де келмеген.

Қажымұқанның боз кілем үстіндегі табыстары негізінен 1909 жылдан басталған ғой. Мәселен, сол жылы оның Рига қаласында өткен балуандар бәсекесінде атағы шығып, кәдімгідей танымал болып қалған Яго мен Тиганені жеңіп, Мурзук пен Рисбахермен тең түсіп, Алекс Абергтен ғана ұтылғанына, 1911 жылы Варшава чемпионатында неміс чемпионы Шульцтен кейін 2-орынға шыққанына, содан кейін Саратов чемпионатында күміс медаль алғанына, 1912 жылғы «Бүкілресейлік

біріншілікте» ақтық белдесуде атақты Турбастан бағын түсіп, кіші медаль алғанына, 1913 жылдың қыркүйек айында чемпиондардың чемпионы атанған орыс алыбы Иван Поддубный қатысқан ірі халықаралық чемпионатта 3-орын алғанына, сол жылы Троицкідегі халықаралық чемпионатта он сегіз рет кілемге шығып, бәрінде де жеңіске жетіп, үлкен медаль алғанына, 1927 жылы Орынбордағы күрес чемпионатында бірінші орын алғанына көз жұмып қараған. Егер де осы XX ғасырдың басы кезінде дүниежүзінде кәсіпқой балуандардың көп болғанымен ескерсек, бұл үлкен жетістік еді. «Көрмес, түйені де көрмес» деген осы екен-ау.

Ел мен елдің, ежелден көршілес орыс пен қазақтың арасына іріткі салғысы келген бір сұрқылтайдың сандырағымен бүкіл бір халықтың намысына тиіп отырғанын түсінген журнал редакциясы 1965 жылы №10 санында педагогика ғылымының кандидаты, Дене тәрбиесі және спорт жөніндегі халықаралық комитеттің корреспондент мүшесі, Қажымұқан туралы тұңғыш рет зерттеу еңбек жазған Мұратхан Тәнекеевтың «Батыр» деген көлемді мақаласын өз аузына құм құйды.

Міне, осы оқиғадан кейін Қажымұқан атаммыз жайында жарияланған, ел аузында жүрген әңгімелерді, балуанды өз көзімен көрген, бірге жүріп, дәмдес-табақтас болған кісілердің естеліктерін жинау жұмыстары басталды. Бұл жұмыспен Ғазизбек Тәшімбаев шұғылданды. Сөйтіп «Күш атасы» деген атпен екі естеліктер жинағы жарық көрді. Қазір тағы бір кітаптың материалдары жиналып, дайын тұр. Бұл екі арада балуанның екі тойы – 120 жылдығы мен 125 жылдығы (1991 және 1996 жылдары) атап өтілді. Бұл мерейтойлар, әрине, Қажымұқанды 1871 жылы туған деген дерекке сүйеніп өткізілген шаралар еді. Өйткені «Қазақ совет энциклопедиясында»: «Қажымұқан, Мұқан Мұңайтпасов (1871), Ақмола облысы (қазір Целиноград), Қараөткел, – 12.8.1948, Шымкент облысы, Арыс ауданы, «Ленин туы» колхозы деп жазылған. Әдебиеттер: Әбдіқадыров Қ. «Қажымұқан», А., 1959, Тәнекеев М. Қажымұқан, 1964» деп көрсетілген.

Енді әңгіме осынау бір жаңсақтықты түзету жайында болмақ. Өйткені бұл деректің шындыққа жанаспайтын, қисыны келмейтін себептері бар. Біріншіден, Мұқан 18 жасқа дейін ауылдан ешқайда шыға алмай, жалшылықта жүрген. Ол Петербургтегі Иван Лебедевтің күрес мектебіне 1901 жылдан кейін барған. Сонда Қажымұқан күресті 30 жасында бастағаны ма? 1909 жылы Рига қаласында спорт саласындағы алғашқы ірі жеңіске жетіп, 16 жастағы Надежда Николаевна Чепковскаямен (Бәтимамен) танысып, оншақты жыл күрескенде 40 жас пен 50 жастың арасында болғаны ма? Әрине,

мұның бәрі ақылға да сыймайды, қисынға да келмейді.

Мұның бәрін басты себебі біреу. Ол – Қажымұқанның паспорты. Қашан, кім бергені белгісіз, «Қажымұқан, 1871 жылы туған» деп біреудің қолымен қалай болса солай жазыла салған осынау бір жапырақ қағаз елдің бәрін осы уақытқа дейін шатастырып келеді (Бұл құжат Макс Қызыкеновтің қолында). Сонау 1937 жылдың сұрапылында Қажымұқанның да басына қара бұлт үйірілгені мәлім. Міне, сол кезде жасын асырып ала салған болу керек деген де жорамал бар. Тегінде осының жаны бар сияқты. Екінші бір алшақ пікір – Қажымұқан 1886 жылы туды деген дерек. («Қазақ әдебиеті» газеті, 25 сәуір, 1986). «1906 жылы дене шынықтыру мектебіндегі журналда Қажықеңді 1886 жылы туған деп тізбеге қосқан. Менің ойымша, осы жазу тура сияқты» деп жазылған. Бірақ ол қандай журнал, кімнің органы, қайда шыққан, кім шығарған, оған сүйенуге бола ма екен? Бұл жағы айқындалмаған. Дегенмен де, бұл жорамал шындыққа біраз жақындайды, бірақ дәл емес. Міне, Қажықеңнің туған жылын дәл анықтау мәселесіне келгенде осы тәріздес алшақтықтар мен қайшылықтар жиі кездеседі. Біз жоғарыда Қажымұқанның 18 жасқа дейін ауылдан аттап шықпағанын айттық. Ал кейбір дерек бойынша «20 жасқа дейін бай-қулақтарға батырақ болып жалданып жұмыс істеген» (Қазақ ССР Халық Комиссарлар Советінің Председателі Н.Оңдасновтың Қазақстан Коммунистік (большевиктер) партиясының Орталық комитетіне жазған хатынан). Арада бір-екі жыл айырмашылығы болғанымен бұл басы ашық нәрсе. Ал Петербургке осы ғасырдың басы кезінде, яғни 1903 жылы жиырма жасында барғаны да белгілі.

Басқаны былай қойғанда, арқа сүйейтін ең бір дәлелді дерек бар. Ол атақты Мұхамеджан Сералин Троицкіде шығарып тұрған «Айқап» журналы. Осы журналдың 1913 жылғы 1 желтоқсанындағы 21-санында сол кезде есімі елге танылған балуандар жайлы мақала жарияланған. Авторы – Жиһанша Сейдалин. Ол Мұқан жайында «Аты Қажымұқан Мұңайтпасұлы. Жасы 30-да, мойнында 12 медаль бар» деп жазған. Ендеше 1913 жылы жасы 30-дағы адам өмірге 1883 жылы келмей ме?

Мұның бәрі сайып келгенде Мұқан Мұңайтпасұлының 1883 жылы туғанын дәлелдейтін жайттар. Біз бұл жайында шығарған кітаптарымызда, баспасөзде жарияланған мақалаларымызда талай рет жазғанбыз. Әрине, мұның бәрін балуан атамның көзі тірісінде жарияланған жағдайда ешқандай қайшылықтар орын алмас еді-ау, ол кісі өзі түзеткен болар еді.

Сонымен, құрметті ағайын, бұдан былай Қажымұқан атамның туған жылы 1883 жыл деп тойлайтын болайық. Ендеше биыл балуанның туғанына 115 жыл толады.

Әрине, мұны бірден қабылдай салудың, бұған көпшіліктің кенеттен келісе қоюының оңай емес екенін, тіпті керемет қиын шаруа екенін біз жақсы түсінеміз. Көз үйреніп, құлаққа сіңгенше біраз уақыт тарихи шындық айттылып, әділдік салтанат құруы керек деген оймен осы мақалаға қол қоюшылар:

Мұратхан ТӘНЕКЕЕВ,
профессор, Дене тәрбиесі және спорт жөніндегі халықаралық комитеттің корреспондент мүшесі

Макс ҚЫЗЫКЕНОВ,
Қазақстанның еңбек сіңірген жаттықтырушысы

Ғазизбек ТӘШІМБАЕВ,
журналист
(Жалғасы бар)

«ŞAM» ТЕАТРЫНЫҢ ҚОЙЫЛЫМЫН ТАМАШАЛАДЫ

Былтыр Алматы қаласында құрылған «ŞAM» театры Астанаға гастрольмен келіп кетті. Өнер ұжымы «Жастар» театры сахнасында әзербайжан драматургі Исмаил Иманнның «Астара бақтары» шығармасы желісімен сахналанған «№37» спектаклін ұсынды. Қоюшы режиссері – Фархад Молдағали. Пьесаны қазақ тіліне аударған – Әлішер Рахат.



Қойылым лаңкестік салдары, соның айрандай ұйып отырған бір отбасына әсері туралы сыр шертеді. Қанды оқиға орын алғаннан кейін сол отбасы мүшелерінің басынан түрлі шыртырман өтеді. Спектакль желісі «Қаңтар» оқиғасын еске салады.

Қойылымға белгілі әртістер тартылған. Атап айтқанда, Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі Сағызбай Қарабалин,

Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткерлері Тынышкүл Сұлтанбердиева, Еркебұлан Дайыров, Лиза Серікова, Жастар одағының «Серпер» сыйлығының лауреаты Зарина Кармен, Асан Мәжит, Алматы Құрақ.

«ŞAM» театрының негізін Фархад Молдағали, Еркебұлан Дайыров және Асан Мәжит қалады. Театрды құру идеясы – барлық қазақстандық

әртісті біріктіру. Өнер ошағын құрғандар қазіргі заманда азайған ізгілікті, адамгершілікті, адалдықты, адами құндылықтарды насихаттауды көздейді. Театрдың тұсауы өткен жылдың күзінде дәл осы «№37» спектаклімен кесілді. Осы аралықта бірнеше қалаға гастрольмен барып келді. Ал астаналықтарға аталмыш қойылымды екі күн бойы көрсетті.

«АЗИЯ ЖАҢҒЫРЫҒЫ» ШАҚЫРАДЫ

9-13 тамыз күндері Астанада қала әкімдігінің қолдауымен елорданың 25 жылдығы аясында «Азия жаңғырығы» XIV халықаралық цирк өнерінің фестивалі өтеді. Шараны ұйымдастырушы – Астаналық цирк.

Цирк әртістері мен жалпы цирк өнерінің өрлеуіне мол мүмкіндіктер ашатын, осы өнердегі халықаралық байланыстарды нығайтатын бұл жолғы фестивалге жас әртістермен қатар цирк өнерінде мойындалған өнерпаздар қатысады. Елордаға Испания, Венгрия, Израиль, Өзбекстан, Тәжікстан, Моңғолия, Беларусь, Болгария, Қырғызстан, Қытай, Ресей цирк әртістері жиналып, өнер көрсетеді. Қатысушылардың көбісі халықаралық фестивальдердің лауреаттары мен жүлдегерлері, цирк өнерінде шеберлік шыңына шыққан цирк әртістері әулеттерін жалғастырушылар.

Сатылымға шыққан билеттерді ticketon.kz сайтынан сатып алуға болады.



«Астана Опера» театрының жетекші солисі Бақтияр Адамжан еуропалық тур аясында Италияда өнер көрсетіп жатыр. Қазақстандық биші «Роберто Болле және достары» атты балет кештеріне қатысуда. Ол Рим, Флоренция, Верона, Казерта қалаларының сахналарында жарқырады. Ал 27 және 29 шілдеде Генуя мен Таорминада билейді.

БАҚТИЯРДЫҢ БИ – ИТАЛИЯ САХНАСЫНДА


11-13 шілде аралығында Римдегі Каракалла термаларында өткен музыкалық фестивалде Бақтияр Адамжан Л. Минкустың «Дон Кихот» және А. Аданның «Корсар» балеттерінен па-де-дені орындады. Ал Флоренциядағы әйгілі Piazza della Santissima Annunziata алаңында Сенкингтің музыкасына хореограф Исян Чжанның In the wake заманауи нөмірі мен «Дон Кихот» балетінен па-де-дені ұсынды. Оның Арена ди Верона амфи-

театрында және Реджиа ди Казертадағы өнер көрсетулері де зор табыспен өтті.

Ал Генуя мен Таорминада Бақтияр жоғарыда аталған нөмірлермен қатар, Цезарь Пунидің «Эсмеральда» балетінен «Диана және Актеон» па-де-дені ұсынады.

«Астана Операның» жетекші солисі Қазақстанда және одан тыс жерлерде де танымал. Кестесі бірнеше айға жазылып қойған. Мысалы, тамызда Ballet

International Gala ұйымдастырушыларының шақыруымен осымен төртінші мәрте Австралияға аттанбақ. Ол жерде Бақтияр өзінің сахнадағы жұбы Шұғыла Әдепханмен бірге өнер көрсетеді. Ал күзде Оңтүстік Корея астанасы Сеулде Star Gala-ға, АҚШ-тың Сан-Франциско қаласында Petipa Awards марапатын табыстау рәсіміне қатысып, Кипр мен Швейцария секілді басқа да елдерде билейді.



ФРАНЦИЯЛЫҚТАРДЫ ТӘНТІ ЕТТІ

Жуырда Еркеғали Рахмадиев атындағы Мемлекеттік академиялық филармония әртістері Францияда өнер көрсетіп, Еуропаның кірпияз көрерменін тәнті етті. Ғ.Жұбанова атындағы Мемлекеттік ішекті квартет және қобызшы Жанар Жүсіпова орындаған туындылар франциялықтарды бейжай қалдырмады.

Франциядағы Қазақстан елшілігінің қолдауымен астаналық өнерпаздар классикалық музыка фестиваліне қатысты. ЮНЕСКО-ның әлемдік мәдени мұралар тізіміне кірген тарихи мекен Луара жазығындағы ортағасырлық сарайда өткен фестиваль барысында Ғ.Жұбанова атындағы Мемлекеттік ішекті квартет Францияның классиктері мен Қазақстан композиторларының шығармаларын орындады. Франциялықтар, әсіресе Жанар Жүсіпова сарнатқан қылқобыздың үніне арбалғандай болды.

– Қылқобыз аспабы мені таңғалдырды. Оның қалай жасалғаны қызықтырып, көкейімде осы аспапқа қатысты



бірқатар сұрақтар туындады. Жақында аспаптың сырын ашамын деп үміттенемін. Одан шыққан ғажап үн ортағасырлық музыка және Ренессанс дәуіріндегі музыканы еске

салады. Қылқобыздың үні скрипкаға өте жақын, бірақ оны тыңдағанда ішекті емес үрлемелі аспаптан үн шығып жатқандай әсер береді, – деді журналист Эммануэль Вьора.

ОТЫРАДАН ЖЕТКЕН ЖӘДІГЕРЛЕР

Ұлттық музейде «Отырар» мемлекеттік археологиялық музей-қорығының «Ұлы жібек жолы және Отырар алқабының қалалық мәдениеті» тақырыбында көрме өтіп жатыр. Онда Қазақстанның ежелгі өркениет ордасы – Отырарға қатысты құнды жәдігерлерді көруге болады.

Өз заманында өркениеттің ордасы саналып, Батыс пен Шығысты байланыстырған, қазақтың бойтұмарына айналған Отырар көрмесіне зерттеулер нәтижесінде табылған жәдігерлер қойылған. Тарихи тағылымды көрмеде Отырар даласында Ұлы Жібек жолы арқылы сауда қатынастарының дамуы және Қарахан дәуірінен бастап, Қазақ хандығына дейінгі қалалық мәдениеттің өркендеуі мен дамуына хабар

беретін 154 археологиялық жәдігер көпшілік назарына ұсынылды. Соның ішінде керамикалық бұйымдар, нумизматикалық материалдар, шыныдан жасалған заттар, т.б. заттай дәйектемелер, ескерткіштерге қатысты аэрофотолар мен карталар бар.

Ортағасырлық көне қаладан табылған жәдігерлер тарихы Отырар, Оқсыз, Құйрықтөбе қалаларымен де үндесіп жатыр. Ойылардың ізі қалған

Отырарда әлемдік өркениеттің ұлы ойшылдарының бірі – Әбу Насыр әл-Фараби дүниеге келсе, түркі халықтарының рухани көшбасшыларының бірі Қожа Ахмет Ясауи Түркістан қаласында өмір сүріп, ілім таратқандығы айтылды. Әлемдік өркениетте өзіндік үлесі зор, тарихи тереңде жатқан Отырар бүгінде туризм орталығына айналғаны да сөз болды.

Көрме 30 шілдеге дейін жалғасады.



Бетті дайындаған Аманғали ҚАЛЖАНОВ



Елорда саябақтары

Гүлбаршын
ӨКЕШҚЫЗЫ

БОТАНИКАЛЫҚ БАҚ

Нью-Йорк орталық саябағының тұжырымдамасына сәйкес жүзеге асырылған елордадағы Ботаникалық бақ – Қазақстан астанасындағы ең үлкен және ең жас саябақ. Ол – қалалықтардың отбасымен демалуға және спортпен шұғылдануға арналған сүйікті орындарының бірі.

2018 жылы ашылған бақта ойын алаңы, спорт залы, волейбол және баскетбол алаңдары, велосипед, жүгіру жолдары мен субұрқақ бар. Бұл елорданың ең жасыл бұрыштарының бірі: мұндағы екі жылжымайтын 95 мың ағаш өседі.

Ботаникалық бақта 1500-ден аса экзотикалық өсімдік өседі. Басым көпшілігі Оңтүстік Америка, Африка, Аустралия, жер бетіндегі өзге де елдерден әкелінген. Оранжереяларға орнатылған жүйелер ТМД елдерінің ешқайсысында жоқ көрінеді. Тамшылап суару, ылғалдатқыш, климат-бақылау – бәрі компьютермен басқарылады. Оранжереяның ортасында пальманың түр-түрі бар. Мәселен, Александрия пальмасы әлемде сирек кездеседі. Ол 50 жылдан астам уақыт бойы гүлдейді.

«ЖЕТІСУ» САЯБАҒЫ

Сарайшық көшесінде «Арқар» және «Марал» көпірлері түйіскен жерде орналасқан «Арай» саябағы толықтай жөндеуден өтіп, қазір «Жетісу» деп аталды. Осы жерде Жетісудың көрікті жерлері мен тарихи орындары шағын архитектуралық үлгіде орналасқан. Ондағы субұрқақ, ұзындығы 1,5 км болатын веложол, жүгіру жолдары, спорт құрылыстары және балаларға

Бас қалада саябақтар қатары артып келеді. Халық игілігіне айналған демалыс орындарының айналасы бүгінде көгалдандырылып, заман талабына сай жаңартылған. Төменде қала тұрғындары мен қонақтары үшін демалуға және спортпен шұғылдануға қолайлы Астанадағы айрықша саябақтардың бірнешеуіне тоқталғанды жөн көрдік.

арналған ойын алаңдары – елорда тұрғындары мен қала қонақтарының жиі жиналатын орны.

Саябаққа келушілер Шарын шатқалына түсіп, Тамғалы тасына қол тигізіп, Жетісу өзендерін тамашалап, әйгілі Алматы апортын көре алады. Мұнда 400-дей алма ағашы отырғызылған. Әсіресе, мұндағы апорт ағашының мүсіні көз тартады. Ол – жемісі төгіліп тұрған мәуелі алтын ағаш. «Молшылық» деп аталатын композицияның идеясы тереңде жатыр. Аспалы қос қоржыннан төгіліп жатқан алмалар – Жетісу табиғатының жомарттығының, молшылықтың нышаны. «Апорт» алаңына «Жетісу жүрегі» мүсіні де сән қосып тұр.

Әртүрлі спорт алаңдары, оның ішінде скейтбордшыларға арналған пандустар және 1200 метрлік велосипед жолы, сонымен қатар бірнеше балалар ойын алаңдары бар.

«ЖЕРҰЙЫҚ» САЯБАҒЫ

Жаңа елордада негізі қаланған алғашқы саябақтардың бірі – Бауыржан Момышұлы даңғылының бойында Мағжан Жұмабаев даңғылының қиылысында орналасқан Жерұйық саябағы. Ол 2008 жылы салтанатты түрде ашылды. Саябақтың жалпы алаңы 21 гектарды құрайды. Мұнда ағаштар мен бұталардың он бір түрінен 10 мыңға жуық көшет егілген. Олардың арасында қарағай, қайың, терек, мойыл және ағаштардың т.б. көптеген түрі бар.

Саябақ көгалының жалпы аумағы 95 мың шаршы метр, ал саябақ айналасындағы қоршаудың ұзындығы – 3,5 мың метр. Бүгінде мұнда жаяу жүргіншілер соқпақтары мен велосипед жолдары төселіп, орындықтар, мүсіндік композициялар мен басқа да кіші сәулет нысандары орнатылған.

Саябақ аумағында балалар үшін жайлы ойын алаңдары мен түрлі аттракциондар жасалған.

ПРЕЗИДЕНТТІК САЯБАҚ

ЭКСПО аумағына жақын орналасқан, 2007 жылы елорданың 10 жылдығына орайластырылып ашылған саябақ – Астананың ең үлкен саябағы. Ол Тәуелсіздік даңғылының оң жағалауынан басталып, Ақордаға қарай сол жағалауға өтіп, әл-Фараби және Керей мен Жәнібек хандар көшелерінің қиылысында аяқталады. Мұнда көздің жауын алатын жасанды ағындар, субұрқақтар мен гүлзарлар бар. Ең кереметі – Самұрық құсы түрінде жасалған мифтік таңғажайып субұрқақ.

Жалпы аумағы 80 гектар жерді алып жатқан саябақ көпқабатты үйлермен қоршалған, тұрғындар үнемі оның сұлулығына тамсанады. Қалалықтар мұнда жаяу жүргіншілерге арналған жалғызаяқ жолмен серуендегенді ұнатады, ал велосипед тебушілерге арналған жолда үнемі спорттық жарыстар ұйымдастырылады. Бұл саябақта балалар мен жасөспірімдер велосипед, гироскутер, ролик тепсе, мереке күндері саябақ аймағының жазғы сахнасында түрлі іс-шара өтеді.

ҚАЛАЛЫҚ ОРТАЛЫҚ САЯБАҚ

Елорданың қалалық мәдениет және демалыс саябағы Қазақстан астанасының дәл орталығында орналасқан. Ол 1893 жылы салынған.

Ауданы 100 гектардан асатын бұл саябақ 2017 жылы «ТМД-дағы ең жақсы» атағын иеленді. Ол біздің елордамыздың қақ ортасында орналасқан. Көпжылдық ағаштарымен, соның ішінде Есіл бойындағы жағалаудағы ғасырлық еменмен, аттракциондармен және көпірлермен танымал. Мұнда кез келген жастағы тұрғындар мен

қала қонақтары уақытты қызықты, жанға әрі тәнге пайдалы өткізе алады. Спорт әуесқойлары үшін жүгіру және веложолдар, ал балалар үшін 20 түрлі өткеншек қарастырылған.

Саябақта ойын автоматтары, батут паркі, велосипедтерді жалға беру және балалар электромобильдері бар. Әрине, жыл маусымдары ауысқан сайын саябақтың ұсынар қызығы да өзгеріп тұрады. Қыс келіп, қар түскен шақта орталық саябақта шаңғы теуіп, мұзайдында коньки тебуге болады.

Ал жылы күндері тоғандағы аққулар мен үйректерді тамақтандыруға мүмкіндік бар. Сонымен бірге орталық саябақ аумағында әр келушінің қалауы мен таңдауына қарай дәм ұсына алатын кафелер мен мейрамханалар жеткілікті әрі балдырғандарға көтеріңкі көңіл сыйлайтын тәтті мақта мен балмұздақ сататын дүңгіршіктер өте көп.

ТРИАТЛОН ПАРКІ

Есіл өзені бойындағы Астана триатлон паркі – елордамыздағы спортпен

айналысуға ыңғайлы саябақтың бірі. Осыдан 6 жыл бұрын бұл қараусыз жер болатын. Қазіргі күні салауатты өмір салтын ұстанатын барлық триатлоншылар, велосипедшілер, марафоншылар мен қала тұрғындарының жиі кездесетін сүйікті орнына айналған. Жаяу жүру, жүгіру, шаңғы тебу және велосипед тебуге арналған арнайы жолдары бар демалыс аймағы 2016 жылдың шілде айында елорданың 18 жылдығына орай Қазақстанның ірі құрылыс холдингі – VI Group атынан ашылды.

Жыл сайын осы компания 45 гектар жерді алып жатқан саябақтың аумағын көгалдандырып, онда ыңғайлы инфрақұрылым құруды жалғастырып келеді. Жақында мұнда қояндарды тамақтандыруға болатын хайуанаттар бағы пайда болды.

Сондай-ақ кішкентай келушілер мұндағы ортағасырлық қамал ретінде безендірілген айдаһарлы кеңістікті ұнатады, ал ғашық жұптар стильді орындықтар мен өткеншектерге, винтажды шамдар маңына жиі жиналады.

